ҰЙҒАРЫМ

2026 жылғы 20 мамыр

Орал қаласы

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Бекенов Е.Р., «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Ақжайық ауданының білім беру бөлімі» ММ-нің «Мұханбетұлы» ЖК-не мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюды қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

Талапкер сотқа аталған талап қоюмен жүгініп, онда 2026 жылғы 07 сәуір күні тараптар арасында шарт жасалғанын, алайда «Мұханбетұлы» ЖК өзіне алған міндеттемесін орындамағандықтан, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай – АПК) 151-бабының 1-бөлігінің 1)-тармақшасына сәйкес, егер арыз азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға және шешуге жатпаса судья талап қоюды қабылдаудан бас тартады.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 17-бабының 5-тармағына сәйкес, егер жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында белгіленген мерзімдерде тапсырыс берушіге қол қойылған шартты ұсынбаса немесе шартты жасасып, шартты орындауды қамтамасыз етуді және (немесе) демпингке қарсы соманы (бар болса) енгізбесе, онда мұндай әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған болып танылады.

Аталған Заңның 8-бабының 4-тармағының 2)-тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі жеңімпаздар деп айқындалған, шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 8-бабының 5-тармағының екінші абзацында Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 2)-тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімін уәкілетті орган тапсырыс берушінің әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі негізінде қалыптастырады деп көрсетілген.

Сотпен жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, алайда мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуге сәйкес сомасын енгізбегенін анықтаған.

Құжатқа қол қойылған: Бекенов Е.Р., 20.05.2026

2713-26-3-1/1223

Осыған орай, жауапкерді жосықсыз қатысушы деп тану туралы уәкілетті органның өзінің құқығы бар екендіктен, талап қою қабылдаудан бас тартуға жатады.

АПК-нің 151-бабының үшінші бөлігіне сәйкес талап қоюды қабылдаудан бас тарту талап қоюшының нақ сол жауапкерге нақ сол нысана және нақ сол негіздер бойынша талап қоюмен сотқа қайтадан жүгінуіне кедергі келтіреді.

Жоғарыдағылардың негізінде, АПК-нің 151, 268-269 баптарын басшылыққа алып, судья

ҰЙҒАРДЫ:

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Ақжайық ауданының білім беру бөлімі» ММ-нің «Мұханбетұлы» ЖК-не мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою қабылдаудан бас тартылсын.

Ұйғарымына наразы жақтар ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Батыс-Қазақстан облыстық сотының сот алқасына Батыс-Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы жеке шағым, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Е.Р.Бекенов

Құжатқа қол қойылған: Бекенов Е.Р., 20.05.2026

2713-26-3-И/1223